

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Тақырыбы: «Жанартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: 2022 жылдың 14 қазанындағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына енген өзгерістерді, мектепке дейінгі ұйымның оқыту, тәрбиелеу, білім беру процессіндегі өзгерістерді талқыға салу. Қолайлы инновациялық технологияларды тандап, тәжірибе жүзінде іске асыруға бағыт беру.

Өткізген күні: 09 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Досбергенова А.К.

Хатшы: Темиргалиева А.

Күн тәртібінде:

1. Шағынорталық меңгерушісі А.К.Досбергенова алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

Шағын орталық меңгерушісі Досбергенова А.К.

2. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістерді талқылау

Әдіскер Ермекова Н.Р.

3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту. Кадрларды топтар бойынша бөлу. Ата-аналар жиналыстарының тақырыбын бекіту

Шағын орталық меңгерушісі Досбергенова А.К.

Әдіскер Ермекова Н.Р.

1. Шағын орталық меңгерушісі Досбергенова А.К.сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

2. Әдіскері Ермекова Н.Р. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Жылдық тақырып «Жаңа Қазақстанға – ғылыми дамыған жаңашыл ұрпақ» болып бекітілгенін және жұмыс жасау барысында тиімді инновациялық технологиясын кеңінен қолдану негізгі мақсат екенін баяндап айтты. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы айтты. Перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті.

3. Бөбекжай меңгерушісі Утегулова А.У. ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекітіп, әдіскер Закариянова С.С. кестедегі өзгерістер туралы айтып, әр топтың тәрбиешілеріне, мамандарға таратып берді. Кадрларды топтар бойынша бөлу, ата-аналар жиналысының тақырыптары да талқыға салынып, бекітілді.

Педагогикалық кеңес шешімін шығарды.

Қаулы:

1. Бекітілген күн тәртібі, жылдық жоспар, ҰІӨ-тер кестесі бойынша жұмыстар жасалсын.
2. Ата-аналар жиналысы бекітілген тақырыптар негізінде өткізілсін.
3. Шағын орталық ішіндегі тәртіп сақталсын..

Педкеңес төрайымы: Досбергенова А.К.

Хатшы: Темиргалиева А.



№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

07. 12.2022 жыл

«Алтын сақа» шағын орталығы

Қатысқандар : 6

Себептілер: 6

Себепсіздер: 0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалар арасында өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру»

Мақсаты: Тиімді әдістер мен тәсілдер арқылы балалардың өз денсаулығына және жеке қауіпсіздік дағдыларына деген саналы көзқарасын қалыптастыру

1. ҰОҚ: Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау.
2. Көрме. Қауіпсіз орта – «Балаларды балабақшада, үйде, көшеде қауіпсіз-тұрыс негіздеріне оқыту үшін заттық-дамыту ортасын құру» (балалар әдебиеті, демонстрациялық материал, Брошюра жасау және т.б.).
балабақша мен отбасындағы сабақтастық
3. Тақырыптық бақылау : Денсаулық білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтерінің сапалы орындалуы
4. Тақырыптық бақылау: Денсаулық білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтерінің сапалы орындалуы .
5. Ашық оқу қызметтер қортындысы

Тыңдалды:

№2 кезекті педагогикалық кеңесті директор А.К.Досбергенова жалпы қаралатын күн тәртібіндегі мәселелер туралы айта келе шағын орталықтағы ішкі тәртіп, тазалық мәселелеріне тоқталды.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер шағын орталық тәрбиешілерімен жүргізілген Көрме.

Қауіпсіз орта – «Балаларды балабақшада, үйде, көшеде қауіпсіз-тұрыс негіздеріне оқыту үшін заттық-дамыту ортасын құру» (балалар әдебиеті, демонстрациялық материал, Брошюра жасау және т.б.).
балабақша мен отбасындағы сабақтастық

3. Тақырыптық бақылау : Денсаулық білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтерінің сапалы орындалуы

4. Тақырыптық бақылау: Денсаулық білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтерінің сапалы орындалуы туралы айта келе 2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдықта балалардың оқу іс-әрекет барысындағы бағдарлама бойынша қойылған талаптардың толық игеруіне ықпал ету, тәрбиелеу мақсатында өткен денсаулық білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу қызметтерінің сапалы орындалуы ашық іс-әрекеттерді талданды.

«Тәуелсіздік тұғырың», тақырыптық іс-әрекеттің ұйымдастырылуы туралы және эстетикалық талаптың орындалуы баланың көңіл-күйіне әсері жөнінде қорытындылап өтті. Сұрақтар болған жоқ.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі жаңа оқу жылы яғни қыркүйек айынан бастап атқарылған жұмыстарының қорытындысын мәлімдеді. (анықтама қосымша тігілді)
Жалпы сұрақтарға әдіскер жауап беріп өтті.

1. **Үшінші мәселе бойынша** Денсаулық сақтау құзыреттілігі: «Балалардың денсаулығын қорғау» тақырыбында атқарылған жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер қорытындысын қысқаша хабарлап өтті.
Сұрақтар болған жоқ.

Қаулы:

2. I-жарты жылдықтағы «Танымдылық құзыреттілік»
Қоршаған ортамен және экология, айналамен таныстыруда ұйымдастырылған іс-
әрекеттер қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Денсаулық сақтау құзыреттілігі: «Балалардың денсаулығын қорғау»
тақырыбында атқарылған жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.
4. Төтенше жағдайлардың алдын алу және материалдық техникалық базаны
нығайтудағы атқарылған жұмыстар одан әрі қарай жалғасын тауып, қанағаттанарлық деп
бағалансын.
5. Дидактикалық ойындар, қимылды ойындар және сюжетті – рольді ойындарға
арналған ойын бұрыштары мен құралдары толықтырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшысы:



А.К.Досбергенова.

Г.Болатова

Педагогикалық кеңестің № 3

хаттамасы

25.11.2023 ж

Қатысқандар: Тәрбиешілер, Пән
мұғалімдері

Шақырылғандар: Мед.бике,

Кеңестің төрағасы: директор А.К.Досбергенова

**Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың кәсіби
құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары»**

Күн тәртібінде:

1. Соңғы педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың кәсіби
құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары

№ 2 кеңес «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты- өмір салтын
қалыптастырудың маңызы» Баяндама

директор А.К.Досбергенова сөз алып № 1 педагогикалық кеңестің
орындалуына назар аударып былай деді. Балалармен жұмыс жүргізудің
маңызы өте зор деді.

Мектепке дейінгі жасында бала тілінің дамуы, өзін-өзі қызмет көрсету және
жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда.

Мектеп жасына дейінгі балаларды түрлі қыметтер арқылы ұсақ қол
моторикасын дамыту және қол қызметін үйлестіру деді сөзінің соңында

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың кәсіби құзіреттілігін
жетілдірудің басым бағыттарының

Мақсаты: Педагогтардың қабілетін қызығушылығын ынта-жігерін қарым-
қатынастарын жақсарту, өзара қарым-қатынас қабілеттерін дамыту

Балабақша меңгерушісі сөз алып Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін
жетілдіру туралы түсінік берді:

Кәсіби құзіреттілігі педагог деп педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық
қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асырып балаларды оқыту мен
тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижеге көрсетіп жүрген педагогтарды
айтады.

Кәсіби құзіреттілікті дамыту жеке шығармашылықты дамыту педагогикалық
инновацияларды қабылдауды, өзгеріп жатқан

педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру деді директор
А.К.Досбергенова педагогтардың кәсіби деңгейіне қоғамның әлеум
директор А.К.Досбергенова еттік экономикалық және рухани дамуы тікелей
байланысты деп өз сөзін аяқтады

Қабылданған шешімдер:

1 Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары
туралы талдау өткізілсін

НАУКАСТАНСЪ.

Кең таралған респиративтік жұқпалы вирус жоғарғы тыныс алу жолдарының жұқпалы вирустық тобына жатады. Жұқпалы вирустық даму кезінде бактериальдық өршіуі сипатталуы мүмкін. Тұмаудың негізгі белгілері-жеңіл тұмау, жөтел, түшкіру, бастың ауруы, көздің ісінуі, дел-салдық. Ауру бірте-бірте тарап, адам бойында дел-салдық пайда болады. Келесі күні ауру өрши түскен кезде құрғақ жөтел пайда болып, қақырыққа ұласады. Тұмаудың алдын-алу. Қолыңызды сабынмен күнде жуып, жеке орамалды пайдаланыңыз. Сұйық затты көп ішіңіз. Үлкен ғимарат ішінде баскыштардың жактауларын ұстамаңыз.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі А.Хикматова: «Өрт қауіпсіздігінің сақталу ережесімен таныстыру» тақырыбында кеңесін өткізді.

Балабақшада өрт қауіпсіздігін сақтау әрбір адамның борышы. Сондықтан әрбір адам мына ережелерді білу керек. Топтарда разеткалардың үстін арнайы құрылғымен жауып қою. Теледидарды қосқанда ажыратуды ұмытпау керек. Егер өрт болған жағдайда өртті бір затпен (көрпемен, пальтомен) үстінен жаба салыңыз. Түтінмен дем алмаңыз. Мұрынды және ауызды ылғал шүберекпен орап қою керек. Балабақша шаруашылық меңгерішісі өрт туралы толық қызметкерлерге түсінік берді.

Memorandum:

1. Балабақша қызметкерлері Тәуелсіздік және Жаңа жылдық мерекенің жоғары деңгейде өтуіне байланысты шаралар қолға алынсын.
2. Өрт қауіпсіздік шараларының алдын алу балабақша шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Балабақшада тұмаудың алдын алу шаралары балабақша медбикесі Ж.Акимоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Д. С. Денисов Д.
Ерещков Н.

Педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №



Уақыты: 09.03.2023

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: Ермекова.Н.Р

Хатшы: Темиргалиева.А

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|--------------------|
| 1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама | Әдіскер Ермекова.Н |
| 2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы | Әдіскер-Ермекова.Н |
| 5. Ағымдағы мәселелер. | Әдіскер Ермекова.Н |

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ермекова.Н.Р

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Физикалық дамыту» білім беру саласында көрсетілгенін, «Физикалық дамыту» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей –тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Меңгеруші Досбергенова.А сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер Ермекова.Н.Р ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Ермекова.Н.Р-алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұңғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет

берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім: 1.МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын

2.Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ермекова.Н.Р
Темиргалиева.А

Аманжол

Директоры



Бекітемін:

жекеменшік бөбекжайының

№ 5 педагогикалық кеңестің отырысы

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылында жылдық міндеттердің іске асырылуы, жылдық қорытынды»

Мақсаты: 2022-2023 оқу жылындағы педагогтар мен тәрбиеленушілердің жетістігін саралау, жылдық жоспар бойынша жұмыстарға қортынды шығару, педагогтардың кәсіби шеберліктерін талдау жасау.

Өткізген күні: мамыр

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: 0 педагог

Педкеңес төрайымы: *Досбергенов А.*

Хатшы: Н.Р.Ермекова

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Менгеруші: *Досбергенов А.*

2. 2022-2023 оқу жылындағы балалардың білім сапасы туралы есеп

«Бала үні» коучингі. «Қарындаштың бес қыры» әңгімесі бойынша талдау

Әдіскер Н.Р.Ермекова

3. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау.

Барлық педагогтар

4. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау

1. Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы менгеруші *Досбергенов* тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың орындалғанын және атқарылған шаруаларға өте жақсы деп баға берді.

2. Әдіскер Ермекова Н.Р. 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктерге тоқталып, мониторинг бойынша білім сапасына тоқталып өтті. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің жалпы саны – 20, қорытынды бақылау парақтары бойынша жоғары деңгейдегі балалардың пайыздың көрсеткіші физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы бойынша - 91%, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша - 78%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша - 79%, балалардың

шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша – 81%, әлеуметтік-эмоционалды

дағдыларды қалыптастыру бойынша - 84 % білім көрсеткішін көрсетті.

Бөбекжай педагогтары аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі бірнеше дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталғанын атап өтіп, әрқайсысына жеке тоқталды.

«Бала үні» коучингін әдіскер Н.Р.Ермекова жүргізді. Педагогтарға үш топқа бөлініп отыруды ұсынады. Бүгін біз бала үнін ғана естіп қоймай педагогтардың үнін тыңдайтын боламыз деді. 3 топқа мыжылған қағаз берілді. Осы мыжылған қағаздан бір зат жасап беруді сұрады. Бірақ мыжылған қағаздан әдемі зат шықпады, мақсатсыз берілген тапсырма болғандықтан ештеңе дұрыс шықпаған айтты. Егер педагог мақсатты түрде барлық іс-әрекеттерді ұйымдастырса, жұмыстарының табысты болатынын айтты. Одан соң таза ақ қағаздар таратылды, қағаздардан бала бейнесін жырту әдісімен ешқандай қайшы қолданбай, бала бейнесін жасауды сұрады. Бұл жерде әр педагог өзіне бала бейнесін жасап шықты. Әр педагогтың ерекше тұлға екенін, әрқайсысы бөлек әлем екенін, бір-бірімен салыстыруға келмейтіндіктерін атап өтті.

«Қарындаштың бес қыры» әңгімесін оқып берді. Мәтін мазмұны бойынша талдау жасалды. «Әжесі неліктен немересінің қарындашқа ұқсағанын қалады?» деген сұраққа топпен жауап берді. «Бұл жерде педагогтардың қандай 5 қыры басым болғанда жұмыстарыңызда табысты боласыздар?» талқылау сұрағына жауаптарын дайындап, топтық жұмыс жүргізілді.

Қарындаштың бес қыры:

- 1 қыры – бағыттаушы қолы
- 2 қыры – төзімділік
- 3 қыры – қателігін түзету. (өзінен және тәрбиеленушіден)
- 4 қыры – ішкі дүниенді бақыла
- 5 қыры – із қалдыру

Бұл жердегі қарындаштың бес қырының әрқайсысына тоқталып өтті.

3. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау бөлімі бойынша әр топқа үш түрлі тапсырма берілді. Бірінші топ: барлық педагогтардың жылдық есебімен танысып, талдау жасады, қорытынды шығарды. Екінші топ: педагогтар арасындағы тәжірибе алмасу, баланы қызықтырудағы әдістер, ішкі тәртіп ережелерін талдады. Үшінші топ: 2022-2023 оқу жылына жылдық жоспар құрды.

Әр топ өзіне берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып талдау жұмыстарын жүргізді. Әр тақырып бойынша өз критерийларын қорғап, өз ойларын жеткізді. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы бойынша есеп берді.

4. Педкеңес қорытындысы бойынша меңгеруші сөз алды. Барлық топтардағы құжаттамалардың уақытылы орындалғанын айтты. Бүгінгі педкеңестің жаңашыл форматта өткізілгенін баса айтты. Әдіскерге жаңашылдығы үшін

алғысын білдірді. Алдағы уақыттарда осы жұмыстардың жалғастырылуын сұрады. Еңбек демалысына кететін барлық педагогтарға жақсы демалыс тіледі.

Қаулы:

1. Оқу жылының барлық құжаттары тігілсін, тапсырылсын.
3. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары толықтай жаңартылсын.
4. Шығармашылық ізденіс жандансын, жаңа оқу жылына жаңа көзқараспен келсін.
5. Еңбек демалысына педагогтар кестеге сай жіберілсін.

Директор:
Хатшы:



Дабердиева А.
Н.Р.Ермекова